

**МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АСТАНА**

**СПРАВКА  
О ГОСУДАРСТВЕННОЙ РЕГИСТРАЦИИ  
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА**

**БИН 110640019728**

*бизнес-идентификационный номер*

*г.Астана*

*27.06.2011 г.*

**Наименование:** Акционерное общество "Национальная геологоразведочная компания "Казгеология"

**Местонахождение:** Республика Казахстан, 010000, город Астана, район Есиль, ул.Достык, д.18

**Справка дает право осуществлять деятельность в соответствии с учредительными документами в рамках законодательства Республики Казахстан**

**Дата выдачи:** 01.04.2015 г.



“АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ”  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЗАҢДЫ ТУРАЛЫҢЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК ТЕРКЕУ**

201 ж. 1.27.06 ЖҮРГІЗІЛДІ

КУӘЛІК № 70475-1 рол АБ

БСН 110640018728

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрінің  
2015 жылғы 13.03 ақпандағы № 279  
бұйрығына қосымша

“АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ”  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР  
ЖӘНЕ  
ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

201 ж. 1.04 ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 110640018728

АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 27.06 ЖЫЛ 2011

КУӘЛІК 70475-1 рол АБ

**«Қазгеология» ұлттық геологиялық барлау компаниясы»  
акционерлік қоғамының  
ЖАРҒЫСЫ**

Астана қ.,  
2015 жыл

АРҒЫ ЖАҒЫНА  
ҚАРАҢЫЗ  
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

## **1-бап. «ҚАЗГЕОЛОГИЯ» ҰЛТТЫҚ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ**

1. «Қазгеология» ұлттық геологиялық барлау компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) «Қазгеология» ұлттық геологиялық барлау компаниясы» акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 маусымдағы № 684 қаулысына сәйкес құрылды.

2. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі аталатын – Заңнама), сондай-ақ осы Жарғыға (бұдан әрі – Жарғы) және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

3. Қоғам Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап заңды тұлғаның мәртебесіне ие болады.

4. Қоғамның қызметін қаржыландыру жарғылық капитал қаражаты және дивиденд есебінен қалыптастырылатын кірістер және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де кірістер есебінен жүзеге асырылады.

Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

5. Қоғамның дербес балансы, банктік, оның ішінде валюталық шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі болады.

6. Қоғамның мөрлері, фирмалық бланкілері және басқа да деректемелері болады, үлгілерін Қоғам Басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) бекітетін тауарлық белгісі, логотипі және өзге нышандары болуы мүмкін. Қоғамның барлық деректемелері мемлекеттік, орыс тілдерінде, қажет болған жағдайда, сондай-ақ ағылшын тілінде ресімделеді.

## **2-бап. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ МЕРЗІМІ**

7. Қоғамның атауы:

мемлекеттік тілде толық атауы – «Қазгеология» ұлттық геологиялық барлау компаниясы» акционерлік қоғамы, қысқартылған – «Қазгеология» АҚ;

орыс тілінде толық атауы – акционерное общество «Национальная геологоразведочная компания «Казгеология», қысқартылған - АО «Казгеология»;

ағылшын тілінде толық атауы – jointstock company «Kazgeology» National Exploration Company», қысқартылған – JSC«Kazgeology».

8. Қоғамның орналасқан жері (оның Басқармасы): Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Достық көш. 18.
9. Қоғамның корпоративтік веб-сайты – [www.kazgeology.kz](http://www.kazgeology.kz).
10. Қоғамның қызмет мерзімі – шектелмеген.

### **3-бап. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ**

11. Қоғамның Құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті тұлғасында Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

### **4-бап. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ**

12. Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады.
13. Барлық мүдделі тұлғалар Жарғымен танысуға құқылы.

### **5-бап. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ, ҚАҒИДАТТАРЫ, БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ**

14. Қоғам қызметінің мақсаттары:

- 1) таза кірісті алу;
- 2) Қоғамды капиталдандырудың өсуін қамтамасыз ету;
- 3) геологиялық салаға инвестицияларды тарту;
- 4) геологиялық барлау жұмыстары саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда мемлекеттің коммерциялық мүдделерін іске асыру;
- 5) минералдық-шикізат кешенін дамыту кезінде мемлекеттің стратегиялық мүдделерін іске асыру;
- 6) тау-металлургия өнеркәсібінде ғылымды қажетсінетін жаңа және тиімді технологияларды әзірлеу және енгізу.

15. Қоғам қызметінің негізгі бағыттары:

- 1) республиканың минералдық-шикізат базасын қайта толықтыру;
- 2) геологиялық барлау жұмыстары саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қатысу;
- 3) пайдалы қазбалардың кенорындарын іздеу мен бағалауды қоса алғанда, жер қойнауын геологиялық зерделеуді жүргізу;
- 4) геологиялық салада ғылымды қажетсінетін жаңа және тиімді технологияларды әзірлеу және енгізу;
- 5) алынатын геологиялық ақпараттың дерек қорларын сақтау, өңдеу, жүйелендіру;
- 6) геологиялық саладағы ұйымдардың Қоғамға берілетін акциялар пакетін (қатысу үлестерін) тиімді басқару.

16. Қоғам қызметі мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

- 1) Қоғам қызметінің бәсекеге қабілеттілігін және экономикалық тиімділігін арттыру;
- 2) Қоғамда корпоративтік басқарудың ең үздік әлемдік практикасын енгізу.

17. Қоғам қызметінің негізгі түрлері:

- 1) геологиялық барлау жұмыстары, оның ішінде: өңірлік геологиялық-түсіру жұмыстары;

катты пайдалы қазбаларды, уранды, көмірсутекті шикізатты, жер асты суларды қоса алғанда, пайдалы қазбалардың барлық түрлерін іздеу жұмыстары;

пайдалы қазбалардың барлық түрлеріне іздеу-бағалау жұмыстары;  
жер асты суларына іздеу-барлау жұмыстары;

2) геологиялық салада ғылыми-зерттеу, тәжірибелі-әдістемелік және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстар;

3) геофизикалық жұмыстарды орындау, оның ішінде:  
теңізде және құрлықта сейсмо-барлау жұмыстары;

электрлік барлау;

магниттік барлау;

гравитарлау;

ұңғымалардың геофизикалық зерттеулері;

4) қатты пайдалы қазбаларға және жер асты суларына ұңғымаларды бұрғылау;

5) көмірсутекті шикізатқа параметрикалық және тірек ұңғымаларын бұрғылау;

6) тау-кен қазбаларының өтуі;

7) геологиялық барлау жұмыстарының кешенін жобалау;

8) зертханалық-талдамалық зерттеулер;

9) пайдалы қазбалардың кенорындарын геологиялық-экономикалық бағалау, пайдалы қазбалардың кенорындарын пайдалану кондицияларының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу және қорларды есептеу;

10) жүргізілген геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері бойынша геологиялық деректердің электрондық базасын жасау;

11) инвестициялық қызмет;

12) инновациялық қызмет;

13) сыртқы экономикалық қызмет;

14) Қоғамды құру мақсаттарына сай келетін, өзге де қызметті жүзеге асыру.

18. Заңнамада белгіленген тәртіппен алуы қажетті, лицензияның немесе өзге түрдегі рұқсаттың болуын талап ететін қызмет түрлері тек тиісті лицензиялар немесе өзге түрдегі рұқсаттар алынғаннан кейін жүзеге асырылады.

#### **6-бап. ҚОҒАМНЫҢ ФИЛИАЛДАРЫ ЖӘНЕ ӨКІЛДІКТЕРІ**

19. Қоғам Қазақстан Республикасында және шетелде өз филиалдары мен өкілдіктерін құруы мүмкін, өз мүлкі есебінен оларға негізгі және айналым қаражатын бөлуі және Заңнамаға сәйкес олардың қызмет тәртібін айқындауы мүмкін. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың жеке балансында және жалпы Қоғам балансында ескеріледі. Кез келген филиал немесе өкілдік жеке заңды тұлға болып табылмайды, бірақ Қоғам атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет етеді.

20. Филиалдар немесе өкілдіктердің қызметін басқаруды Басқарма төрағасы тағайындаған тұлғалар жүзеге асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Қоғамның берген сенімхаты негізінде әрекет етеді.

### **7-бап. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ**

21. Қоғамның Заңнамада көзделген барлық құқықтары болады және **оған** барлық міндеттерге жауапты болады.

22. Қоғам Жалғыз акционердің мүлкінен оқшауланған мүлкіге **иеленеді**. Қоғам Жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауапты **болмайды**.

23. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап **бермейді** және Қазақстан Республикасының Заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам қызметіне байланысты **шығындарды** тәуекелін өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде көтереді.

24. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауап береді.

25. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

26. Қоғам өз атынан мәмілелерді (шарттарды, келісімшарттарды) жасасуы мүмкін, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді алуы, сотта талапкер немесе жауапкер болуы, сондай-ақ Заңнамаға қайшы келмейтін басқа да іс-қимылдарды жүзеге асыруы мүмкін.

27. Қоғам зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтардың иесі болып табылуы, оларды лицензиялық шарттар (келісімдер) негізінде пайдалануы, қорғау құжаттарын, технологияларын, «ноу-хау» және басқа ақпаратты иеленуге және пайдалануға құқықтарды алуы және беруі мүмкін.

28. Қоғам өндірістік қызметті жоспарлауға, жұмыскерлерге жалақы төлеуге, материалдық-техникалық жабдықталуға, әлеуметтік дамуға, оның билігінде қалған кірістерді бөлуге, кадрларды іріктеуге, орналастыруға, даярлауға және қайта даярлауға, оның ішінде шетелде даярлауға байланысты барлық мәселелерді дербес шешеді.

29. Қоғам белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде орналасқан банктерде және басқа да қаржылық ұйымдарда ұлттық, сол сияқты шетелдік валютада шоттарды ашуға, уақытша артық ақшаны қаржы құралдарында орналастыруға құқылы.

30. Қоғамның Заңнамаға сәйкес қазақстандық және шетелдік заңды және жеке тұлғалардан теңгемен не шетелдік валютамен қарыз алуға және оларды пайдалануға құқығы бар. Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен міндеттемелердің, мүлік пен активтердің барлығын немесе бір бөлігін кепілге беруге құқығы бар.

31. Қоғам ішкі нормативтік және техникалық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді.

32. Қоғамның Заңнамада және Жарғыда көзделген басқа да құқықтарға ие болуы және өзге де міндеттерге жауапты болуы мүмкін.

### **8-бап. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ**

33. Жалғыз акционердің :

1) Заңнамада және Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

- 2) дивиденд алуға;
  - 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Жарғымен белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржы есептілігімен танысуға;
  - 4) Қоғам тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан Қоғамның бағалы қағаздарына өзінің меншік құқығын растайтын үзінділер алуға;
  - 5) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға;
  - 6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібінде шағымдануға;
  - 7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салумен жүгінуге және Қоғамға сұрау салу келін түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде уәжді жауаптар алуға;
  - 8) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
  - 9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алуға;
  - 10) Директорлар кеңесіне Заңға сәйкес Жалғыз акционердің қарауына шығару үшін мәселелердің енгізілуін ұсынуға;
  - 11) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
  - 12) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғамға аудитін жүргізуін талап етуге;
  - 13) оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауда бастамашылық етуге құқылы.
34. Жалғыз акционердің Заңнамада және Жарғыда көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.
35. Қоғамның Жалғыз акционері:
- 1) Заңнамада және Жарғыда көзделген тәртіппен акцияларды төлеуге;
  - 2) Қоғамның тіркеушісіне және Жалғыз акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы он күн ішінде хабарлауға;
  - 3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;
  - 4) Қоғамға Жарғымен көзделген тәртіппен аффилирленген тұлғалар туралы ақпаратты ұсынуға;
  - 5) Қоғамға мұндай шешімдерді қабылдау күнінен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде шешімдердің көшірмелерін ұсынуға;
  - 6) Заңға және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

### **9-бап. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ**

36. Қоғам акцияларды және басқа бағалы қағаздарды шығаруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналымы және

өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен айқындалады.

37. Қоғам тек жай акцияларды шығарады.

Жай акция Жалғыз акционерге оның құзыретіне жататын барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау құқығын береді. жай акцияда Жалғыз акционерге Қоғамның таза кірісі болған жағдайда дивидендер алуға және Заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғам таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін алуға құқық береді.

38. Қоғам акцияларын шығару құжаттамалық емес нысанда жүзеге асырылады.

39. Қоғам өз акцияларының шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін акциялардың жарияланған мөлшері шегінде оларды бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастыруға құқылы.

40. Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, қоғамның орналастырылатын акцияларына төлем жасауға ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа, өзге де мүлікпен (бағалы қағазды қоспағанда) төлем жасау Заңнамаға сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

Егер Қоғамның орналастырылатын акцияларына төлем жасауға мүлікті пайдалану құқығы енгізілсе, мұндай құқықты бағалау осы мүлікті пайдалануға төленетін ақының мөлшері негізге алына отырып, Қоғамның оны пайдаланған бүкіл мерзіміне жүргізіледі. Аталған мерзім өткенге дейін Жалғыз акционердің келісімінсіз мұндай мүлікті алып қоюға жол берілмейді.

41. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін қалыптастыруды, жүргізуді, сақтауды Қоғам тіркеушісі жүзеге асырады, ол Қоғамның және оның аффилиирленген тұлғаларының аффилиирленген тұлғасы болмауға тиіс.

42. Қоғам өзі орналастырған бағалы қағаздарды, Заңның 31-бабының 2-тармағына сәйкес:

1) кепілге берілетін бағалы қағаздар толық төленген;  
2) Қоғамның сатып алған акцияларын қоспағанда, Қоғамға кепілге берілетін және оның кепіліндегі акциялардың жалпы саны Қоғамның орналастырылған акцияларының жиырма бес процентінен аспаған;

3) кепіл туралы шартты Директорлар кеңесі мақұлдаған жағдайда ғана кепілге қабылдай алады.

#### **10-бап. АКЦИЯЛАР БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР**

43. Заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғамның Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес Жалғыз акционерге тиесілі акциялары бойынша Қоғам төлейтін кірісі дивиденд болып табылады.



44. Дивидендтерді төлеу ақшамен және Қоғамның бағалы қағаздарымен жүргізіледі. Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге Жалғыз акционердің жазбаша келісімі болған кезде осындай төлем Қоғамның жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылатын жағдайда ғана жол беріледі.

45. Қоғам акциялары бойынша дивидендтерді төлеу жыл қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

46. Жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

Дивидендтер Жалғыз акционер дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдаған кезінде белгілеген мерзімде төленеді.

47. Жалғыз акционер Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдап, оны қабылдаған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялауға құқылы.

48. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс.

49. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелер;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;
- 4) дивидендтер төлеудің басталатын күні;
- 5) дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны болуға тиіс.

50. Жалғыз акционер Қоғам берешегінің жиналып қалу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда Жалғыз акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруының ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып, есептелетін өсімпұл төленеді.

51. Қоғамның жай акциялары бойынша:

1) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе немесе көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса, Жалғыз акционерге дивидендтер есептеуге жол берілмейді.

## 11-бап. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ

52. Қоғам органдары мыналар:
- 1) жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
  - 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
  - 3) атқарушы орган – Басқарма;
  - 4) бақылау органы – Ішкі аудит қызметі;
  - 5) Жалғыз акционердің шешімдеріне сәйкес өзге де органдар болып табылады.

### 12-бап. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

53. Жалғыз акционер қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес айдың ішінде жыл сайын Заңның 35-бабына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді қабылдауға міндетті. Көрсетілген мерзім есептік кезең үшін Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін емес болған жағдайда үш айға ұзартылған деп саналады.

54. Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді дайындауды Басқарма, өзімен жасалған шартқа сәйкес Қоғам тіркеушісі, Директорлар кеңесі, ал таратылған жағдайда – Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

55. Заңнамамен Жалғыз акционердің қарауына мәселелерді міндетті шығару жағдайлары көзделуі мүмкін.

56. Заңның 35-бабының 2-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығаруды Директорлар кеңесі бастамашылық етеді.

57. Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару бойынша шығыстарды Қоғам көтереді.

58. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізгі шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпарат қамтылуы тиіс.

59. Қоғам органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдарда ұсынылатын кандидаттар туралы мынадай ақпарат қамтылуы тиіс:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты;
- 2) білім туралы мәліметтер;
- 3) Қоғамға аффилиирленуі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер;

5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

60. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын, Заңның 35-бабының 2-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша материалдар:

- 1) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін;
- 2) жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есепті;

3) өткен қаржы жылы үшін Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде бір жыл үшін дивиденд мөлшері туралы Директорлар кеңесінің ұсыныстарын;

4) Директорлар кеңесінің қалауынша басқа құжаттарды қамтуға тиіс.

61. Жалғыз акционердің шешімдері Басқарманың орналасқан жері бойынша сақталып, Жалғыз акционерге кез келген уақытта танысу үшін ұсынылуы тиіс. Жалғыз акционердің талабы бойынша оған шешім көшірмесі және Жалғыз акционер шешімінен үзінділер беріледі.

### 13-бап. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ

62. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) жаңа редакциядағы Жарғыны бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу;

2) жаңа редакциядағы Корпоративтік басқару кодексін (бұдан әрі – Кодекс) бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу;

3) Қоғамның даму стратегиясын келісу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің оны бекітуін қамтамасыз ету;

4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

6) белгіленген тәртіппен Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

7) Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

8) Басқарма төрағасын тағайындау (сайлау) және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Директорлар кеңесі туралы ережені, сондай-ақ оған өзгерістер мен (немесе) толықтыруларды бекіту;

10) жылдық қаржы есептілігін бекіту;

11) есептік қаржы жылы үшін Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде жыл қорытындысы бойынша дивиденд мөлшерін бекіту;

12) Жарғының 51-тармағымен көзделген жағдайлар болған кезде Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;

13) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

14) Қоғам акцияларды осы Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту;

15) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

16) бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;

17) Қоғамның Директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша нәтижесінде құны Қоғам активтерінің құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығын Қоғамның жасасуы туралы шешімді қабылдау;

18) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешімді қабылдау;

19) Қоғам органдарының Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша қабылдаған шешімдерін жою;

20) шешім қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

63. Жалғыз акционер мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органмен келісу бойынша шешімдерді қабылдайтын, Жарғының 62-тармағының 1), 4), 7), 10), 11), 15), 17), 19) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді қоспағанда, Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша шешімді жеке қабылдайды.

64. Олар бойынша шешім қабылдау Жарғының 62-тармағымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше көзделмесе, Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғаларының және қызметшілерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

65. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

#### **14-бап. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ**

66. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және Жарғыда Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне және Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері Жарғымен белгіленген тәртіппен қабылданады.

67. Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыру үшін Жалғыз акционердің алдында жауапты болады.

68. Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге белгіленген тәртіппен жасалған жұмыс туралы есепті ұсынады.

69. Қоғам Жалғыз акционердің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқаруы кезеңінде сыйақыларды төлеуі және (немесе) олардың Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын атқаруына байланысты шығыстарды өтеуі мүмкін. Мұндай сыйақылардың және өтемақылардың мөлшері Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

70. Егер Заңмен өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның қаржы-экономикалық негіздемесін және оған түзетулерді мақұлдау;
- 2) Жалғыз акционердің құзыретіне жататын мәселелерді алдын ала қарау және мақұлдау;
- 3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) орналастыру (сату) туралы, оның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде Қоғамның орналастырылатын (сатылатын) акцияларының саны, оларды орналастыру (сату) әдісі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту, Қоғамның Жалғыз акционеріне өткен қаржы жылы үшін Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есепетегендегі дивиденд мөлшері туралы ұсыныстарды беру;
- 6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, Басқарма төрағасын қоспағанда, Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) Басқарма төрағасының және Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақы мөлшерін және еңбекақы төлеу, сыйақы және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау;
- 9) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, оның басшысын және мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметшілерінің еңбекақы төлеу, сыйақы және әлеуметтік қолдау мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 10) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттіктерінің мерзімін айқындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, корпоративтік хатшының қызмет ету тәртібін және жауапкершілігін көздейтін ережені

бекіту, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін, сыйақы және әлеуметтік қолдау шарттарын белгілеу;

11) Басқарма мүшелеріне басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

12) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау;

13) Қоғам қызметшілерінің жалпы санын бекіту;

14) Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;

15) Ішкі аудит қызметінің жылдық және тоқсандық есептерін қарау және олар бойынша шешім қабылдау;

16) Директорлар кеңесі бекітетін тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;

17) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау;

18) Қоғам қызметінің басымдық бағыттарын айқындау;

19) Заңды тұлғаларды құру (құруға қатысу) туралы шешім қабылдау;

20) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп процентін (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) сатып алуы (иелігінен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

21) Қоғамның жасасуда мүддесі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

22) Қоғамның даму жоспарын бекіту және оны түзету, сондай-ақ Заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімде оның орындалуы туралы есепті бекіту;

23) Басқарма мүшелері үшін негізгі қызмет көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту;

24) Қоғамның жер қойнауын пайдалану құқығын және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді беру (қайта жол беру) мәселелері бойынша шешім қабылдау;

25) аудиторлық ұйымның қызметтеріне, сондай-ақ Қоғам акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміленің немесе Заңның 69-бабымен көзделген мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

26) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызметтің мынадай мәселелері бойынша шешімдер қабылдау:

а) заңды тұлғаны ерікті қайта ұйымдастыру немесе тарату;

б) заңды тұлғаның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе заңды тұлғаның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

в) заңды тұлғаның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

г) заңды тұлғаның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

д) бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларды айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;

е) заңды тұлғаға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы заңды тұлғаның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

ж) заңды тұлғаның өзге заңды тұлғаларға қатысуы туралы шешім;

з) заңды тұлғаның бүкіл мүлкінің кепілі туралы шешім;

и) заңды тұлғаны немесе оның мүлкін сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешім қабылдау және мұндай берудің шарттарын белгілеу;

к) заңды тұлғаның мүлкіне қосымша жарналарды енгізу туралы шешім;

27) Қоғамның нәтижесінде құны Қоғам активтерінің құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығын жасасуы туралы шешімді қабылдау;

28) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға ұлғайту;

29) Қоғам қызметінің нәтижелері, Қоғамның даму жоспарының көрсеткіштерін және әрбір жылдың қорытындысы бойынша тиімділік көрсеткіштерін орындау туралы Басқарма есептерін тыңдау, сондай-ақ тиісті шараларды қабылдау;

30) Қоғамның үшінші тұлғалармен жер қойнауын пайдалану құқығын бірлесіп иелік етуін көздейтін бірлескен қызмет туралы келісімдерді Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;

31) Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне және Басқарма құзыретіне жатпайтын өзге мәселелер.

71. Тізбесі Жарғының 70-тармағында белгіленген мәселелер Басқарманың шешілу үшін берілуі мүмкін емес.

Директорлар кеңесі Жарғыға сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқылы емес.

72. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Жалғыз акционердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған тұлғалар;

2) мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органның өкілдері ретінде ұсынылған тұлғалар;

3) Қоғам акционері болып табылмайтын және Жалғыз акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған жеке тұлғалар арасынан сайланады.

73. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) хабардарлық, ашықтық негізінде, Қоғамның және Жалғыз акционерінің мүдделері үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес әрекет етуге;

2) Жалғыз акционерге әділ қарауға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті түрде тәуелсіз ой-пікір білдіруге тиіс.

74. Директорлар кеңесі:

1) мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды адамдар деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

75. Директорлар кеңесінің мүшелеріне кандидаттардың тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, оң жетістіктері және өз міндеттерін орындау және Жалғыз акционердің және Қоғамның мүддесінде бүкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті, іскерлік және салалық ортада мінсіз беделі болуға тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына:

1) жоғары кәсіби білімі жоқ;

2) өтелмеген немесе Заңнамада белгіленген тәртіппен шешілмеген соттылығы бар;

3) банкрот деп танылған немесе осы тұлғаның жұмысы уақытында консервациялауға, санацияға, мәжбүрлеп таратуға ұшыраған басқа заңды тұлғаның бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (атқарушы органның басшысы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болған тұлға сайлана алмайды.

Көрсетілген талап банкроттық, консервациялау, санация немесе мәжбүрлеп тарату туралы шешімді қабылдау күнінен кейін бес жыл бойы қолданылады.

4) Қоғаммен мүдделер қақтығысы бар тұлға сайлана алмайды. Директорлар кеңесіне Қоғаммен бәсекелес болатын заңды тұлғаның қатысушысы, басқару органының мүшесі, басшысы немесе қызметшісі болып табылатын тұлғаны сайлау ұсынылмайды.

76. Басқарма төрағасынан басқа, Басқарма мүшелері, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің қызметшілері және корпоративтік хатшы Директорлар кеңесіне сайланбайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланбайды.

77. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде 5 (бес) адамнан тұрады. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамынан кемінде отыз процент тәуелсіз директорлар болуы тиіс.



Жалғыз акционердің Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы шешімінде Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы Жалғыз акционердің өкілі, тәуелсіз директор, мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органның өкілі болып табылатыны көрсетілуі тиіс.

78. Директорлар кеңесінің өкілеттігі мерзімін Жалғыз акционер белгілейді. Директорлар кеңесі өкілеттігінің мерзімі Жалғыз акционер жаңа Директорлар кеңесін сайлауды көздейтін шешімді қабылдаған сәтінде аяқталады. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

79. Директорлар кеңесі 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар бірнеше рет қайта сайлануына шек қойылмайды.

80. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және Қоғамға келтірілген залалдар үшін:

1) қателесуге әкеп соқтыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

2) Заңда белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;

3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының Қоғаммен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында, Қоғамға зиян келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуға ұсыну және (немесе) жасасу туралы шешім қабылдау;

4) Заңда, осы Жарғыда және Қоғамның өзге ішкі құжаттарында көзделген өз міндеттемелерін тиісінше емес орындау нәтижесінде келтірілген залалдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей Қоғам мен Жалғыз акционерлер алдында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Бұл ретте, мәміленің жасалуына мүдделі және орындау нәтижесінде Қоғамға залалдар келтірілген мәміле жасасуды ұсынған Директорлар кеңесінің мүшесін қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелері, егер Қоғамға залалдар келтіруге әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаса, жауапты болмайды.

Егер Директорлар кеңесі мүшесінің Қоғамның лауазымды адамдары қызметінің Заңда белгіленген қағидаттарын сақтай отырып, шешім қабылдау кезінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде тиісінше әрекет еткені және мұндай шешім Қоғам мүдделеріне білдіреді деп негіздемей түрде есептегені дәлелденген болса, ол коммерциялық (кәсіпкерлік) шешімнің нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.

81. Директорлар кеңесінің мүшесі өз міндеттерін тиісті орындамаған және (немесе) орындамаған кезінде Директорлар кеңесінің төрағасы Жалғыз

акционерге Директорлар кеңесінің тиісті мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.

82. Директорлар кеңесі мүшесінің бастамасы бойынша оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде Жалғыз акционер жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттіктері Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәтінен бастап тоқтатылады. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлаған жағдайда, соңғының өкілеттігі Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

83. Директорлар кеңесінің төрағасы ашық дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен оның мүшелерінің арасынан жасырын дауыс беру жолымен сайланады. Директорлар кеңесі кез келген уақытта Директорлар кеңесінің төрағасын қайта сайлауға құқылы.

84. Директорлар кеңесінің төрағасы Заңнамада және Жарғыда белгіленген тәртіппен:

1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және оның отырыстарын жүргізеді;

2) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді;

3) Директорлар кеңесінің отырыстарында хаттама жүргізуді ұйымдастырады;

4) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін дайындауды ұйымдастырады;

5) Қоғам атынан Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық жалақы мөлшерін, еңбекақы, сыйақы және әлеуметтік қолдау шарттарын белгілей отырып, Басқарма төрағасымен еңбек шартын жасасады. Бұл ретте, аталған еңбек шарты Басқарма төрағасын материалдық көтермелеудің Директорлар кеңесі белгілеген Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштеріне жетуіне тікелей тәуелділігін қарастыруға тиіс;

6) Директорлар кеңесінің қызметіне атап айтқанда, Директорлар кеңесінің және Басқарма мүшелерінің арасындағы сындарлы қарым-қатынасқа Директорлар кеңесі мүшелерінің тиімді үлесін, сондай-ақ өткен күнтізбелік жыл үшін Директорлар кеңесінің қызметі туралы есепті ішкі құжаттармен ұсынылған мерзімде ұсынуды қамтамасыз етеді,

7) Жалғыз акционермен тиімді өзара әрекетті, оның ішінде онымен Қоғамның даму стратегиясын талқылауды, сондай-ақ Жалғыз акционердің көзқарасын жалпы Директорлар кеңесіне дейін жеткізуді қамтамасыз етеді;

8) Жалғыз акционер тиісті өкілеттіктер берген кезде, Қоғам атынан Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларымен шарттарға қол қояды. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, тәуелсіз директормен

шарттарға Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылатын, Жалғыз акционердің өкілі тиісті өкілеттіктер негізінде қол қояды;

9) Жалғыз акционерге оның сұрау салуларына жауаптарды ұсынуды қамтамасыз етеді;

10) Заңнамада және Қоғам Жарғысында көзделген өзге функцияларды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің бір мүшесі жүзеге асырады.

85. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының не Басқарманың бастамасы бойынша немесе:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 3) Жалғыз акционердің;
- 4) Ішкі аудит қызметінің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

86. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Басқармаға жүгінуге құқылы, ол директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс. Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

87. Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаны жіберу тәртібін Директорлар кеңесі айқындайды.

88. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік жеті күн бұрын беріледі.

Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу жөнінде шешім қабылдау туралы мәселелер қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі (Заңның 69-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда) қамтылуға тиіс.

Директорлар кеңесі туралы ережеде күн тәртібіне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу тәртібі және негіздемесі көзделуі мүмкін.

89. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама, егер күндізгі отырыс өткізілген жағдайда, Директорлар кеңесінің мүшесіне, егер ол отырысқа қатыса алмаған жағдайда, күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламаны жіберу арқылы дауыс беру мүмкіндігі туралы түсіндірмені

қамтуға тиіс.

90. Сырттай тәртіппен Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламаларға сондай-ақ сырттай дауыс беру үшін бюллетень қоса беріледі, ол бірыңғай нысан бойынша Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне ұсынылады.

Сырттай дауыс беру үшін бюллетень:

- 1) Қоғамның атауын және орналасқан жерін (оның Басқармасының);
- 2) қол қойылған бюллетеньді ұсыну күнін;
- 3) отырыстың күн тәртібін;
- 4) дауыс беруге қойылған мәселелерді және олар бойынша дауыс беру нұсқаларын;
- 5) өзге деректерді қамтуға тиіс.

91. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің отырысына видеоконференция (интерактивті аудиовизуалдық байланыс), конференц-байланыс («телефон кеңес» режимінде Директорлар кеңесі мүшелерінің бір уақытта әңгімелесуі) арқылы, сондай-ақ байланыстың өзге құралдарын пайдалана отырып, қатыса алады. Директорлар кеңесінің мұндай отырыстарда қабылданған шешімдерін ресімдеу тәртібі Директорлар кеңесі туралы ережемен айқындалады.

92. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің төрағасына, Қоғамның атқарушы органына Директорлар кеңесінің отырысына өзінің қатыса алмайтындығы туралы алдын ала хабарлауға міндетті. Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмаған мүше Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің мәселелері бойынша жазбаша хабарлама арқылы дауыс беруге құқылы.

Бұл ретте, күн тәртібі бойынша мұндай жазбаша хабарлама:

- 1) жазу күнін;
- 2) жазбаша хабарламаны жіберу арқылы Директорлар кеңесінің мүшесі пікірін білдіретін күн тәртібін;
- 3) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша нақты көзқарасын;
- 4) қолтаңбасын;
- 5) Директорлар кеңесі мүшесінің қалауынша, күн тәртібіне жататын өзге мәліметтерді қамтуға тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесі күн тәртібі бойынша ұсынған жазбаша хабарламасы қворумды және дауыс беру қорытындысын есептеу кезінде ескеріледі және күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламаны жіберу арқылы Директорлар кеңесінің аталған мүшесінің дауыс беру туралы жазба жасалатын, отырыстың хаттамасымен бірге тігіледі.

Директорлар кеңесінің мүшесі күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламаны Директорлар кеңесінің төрағасына немесе корпоративтік хатшыға Директорлар кеңесінің отырысы өткізілмей тұрып, ұсынуға тиіс.

Егер Директорлар кеңесінің бұрын күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламаны ұсынған мүшесі Кеңестің аралас дауыс беру қолданылатын

отырысына қатысу және дауыс беру үшін келген болса, оның жазбаша пікірі есептелмейді.

93. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің санынан кемінде жартысын құрайды және видеоконференцияның (интерактивті аудиовизуалдық байланыс), конференц-байланыстың («телефон кеңес» режимінде Директорлар кеңесі мүшелерінің бір уақытта әнгімелесуі), өзге байланыс құралдарының қолданылуын ескере отырып, сондай-ақ Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшелерін (олардың жазбаша түрде берілген дауыстары болған жағдайда) ескере отырып, айқындалады.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақтың алдыңғы абзацында белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы мәселені Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің қарауына шығарады. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері тек қана жоғарыда аталған мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығару туралы шешім қабылдайды.

94. Директорлар кеңесі жасасуда Қоғамның мүдделілігі бар мәміле бойынша шешім қабылдауға тиісті болған жағдайда, Директорлар кеңесінің отырысын өкілетті өткізу үшін қажетті кворум мұндай мәміледе мүдделілігі жоқ (немесе мүдделі емес деп саналған), Директорлар кеңесінің кемінде 2 (екі) мүшесін құрауға тиіс. Қоғамның мұндай мәмілені жасасуы туралы шешім директорлар кеңесінің отырысына қатысып жатқан, оны жасасуда мүдделі емес мүшелерінің қарапайым дауыс көпшілігімен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда, жасасуда Қоғамның мүдделілігі бар мәмілені жасасу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

95. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы бар. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан немесе, егер Заңнамада не Жарғыда өзгеше көзделмесе, жазбаша пікірін ұсынған мүшелерінің қарапайым дауыс көпшілігімен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда, Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық ететін тұлғаның даусы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің басқа тұлғаға, оның ішінде Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне дауыс беру құқығын беруге жол берілмейді. Директорлар кеңесінің мүшелері өзі болмаған жағдайда Директорлар кеңесінің қандай да бір отырысына қатысу үшін өз өкілін тағайындауға құқылы емес.

Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі қабылдайтын шешіммен толық немесе ішінара келіспеген жағдайда, ол дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша ерекше пікір ретінде өз келіспеушілігін білдіруіне міндетті, оны корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің күндізгі отырыспен өткізілетін отырысының хаттамасында тіркейді. Директорлар кеңесі шешімді сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған жағдайда, Директорлар кеңесі мүшесінің ерекше пікірі жазбаша нысанда баяндалуы

және толтырылған бюллетеньге қоса берілуі тиіс.

96. Директорлар кеңесі тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын, өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Заңмен және жарғымен белгіленген тәртіпті бұза отырып, Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібінде дау айтуға құқылы.

Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің Заң және Жарғы талаптарын бұза отырып, қабылданған шешіміне сотта дау айтуға құқылы, егер көрсетілген шешіммен Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған болса.

97. Директорлар кеңесі төрағасының қалауынша, Директорлар кеңесінің оның қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдерді қабылдауы сырттай дауыс беру арқылы мүмкін. Бұл ретте, отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер қолданылады.

Жарғының 70-тармағының 20), 21), 28) тармақшаларымен белгіленген мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдана алмайды.

Сырттай отырыста мәселені қарауға қарсы Директорлар кеңесінің ең болмаса бір мүшесі қарсы болған жағдайда, мәселе кезекті күндізгі отырысының күн тәртібіне енгізіледі.

Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда қабылданған болып танылады. Сырттай дауыс беру үшін бюллетеньге Директорлар кеңесінің мүшесі қол қоюға тиіс. Қолтаңбасы жоқ бюллетень жарамсыз деп саналады.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделіп, оған корпоративтік хатшы және Директорлар кеңесінің төрағасы (отырыста төрағалық еткен мүше) қол қоюға тиіс және ол:

- 1) Қоғамның атауын және орналасқан жерін (оның Басқармасының);
- 2) сырттай отырыстың күні және шешімін жазбаша ресімдеу орны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;
- 4) отырысты шақырған тұлғаны (органды);
- 5) отырыстың күн тәртібін;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның болуы/болмауы туралы жазбаны;
- 7) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру қорытындысын және қабылданған шешімді;
- 8) өзге мәліметтерді қамтуға тиіс.

Шешімді ресімдеу (қол қою) күнінен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде ол аталған шешімнің қабылдануы негізделген бюллетеньдер қоса беріліп, Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

98. Директорлар кеңесінің күндізгі тәртіппен жүргізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Директорлар

кеңесінің мүшелері және корпоративтік хатшы отырысты өткізу күнінен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде қол қоюға тиіс және ол:

- 1) толық атауын және Басқарманың орналасқан жерін;
- 2) отырысты өткізу күнін, уақытын және орнын;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтерді;
- 4) отырыстың күн тәртібін;

5) дауыс беруге шығарылған мәселелерді және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетіле отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындыларын;

6) қабылданған шешімдерді;

7) күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламаны жолдау (егер мұндай жазбаша хабарлама болған жағдайда) арқылы Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беруі туралы жазбаны;

8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге мәліметтерді қамтуға тиіс.

Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесінің күндізгі және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдері, сондай-ақ қолтаңбалары бар бюллетеньдер міндеттердің атқаруына байланысты корпоративтік хатшыда сақталады және ол белгіленген тәртіппен Қоғам мұрағатына сақтауға тапсырады.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімнің өзі қол қойып, Директорлар кеңесінің мөрі басылып куәландырылған үзінді көшірмесін беруге міндетті.

Корпоративтік хатшы Қоғамның мүдделі құрылымдық бөлімшесінің сұрауы бойынша шешімді ресімдеу (қол қою) күнінен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде оларға хаттама мен шешімнің өзі қол қойып, Директорлар кеңесінің мөрі басылып куәландырылған үзінді көшірмесін беруге міндетті.

99. Ең маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсыныстарды дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады, олар мынадай мәселелерді қарайды:

6) стратегиялық жоспарлау;

7) кадрлар және сыйақы;

8) ішкі аудит;

9) әлеуметтік мәселелер;

10) Қоғамның ішкі құжаттарымен көзделген өзге мәселелер.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады. Директорлар кеңесінің комитеттерін қалыптастыру және олардың қызмет ету тәртібін, сондай-ақ

олардың сан құрамын Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжаты белгілейді.

100. Басқарма Қоғамның жылдық есебін мақұлдайды және оны Директорлар кеңесіне қарауға және бекітуге ұсынады.

Қоғамның жылдық есебі кемінде аудиттен өткізілген қаржы есептілігін, өткен кезеңдегі Қоғам қызметіндегі маңызды оқиғалар туралы есепті, сондай-ақ Қоғамның жылдық есебіндегі мәліметтердің дұрыстығы үшін Қоғамның лауазымды тұлғалары жауаптылығының сипаттамасын қамтиды.

Қоғамның бекітілген жылдық есебі Қоғамның корпоративтік веб-сайтында орналастырылады.

### 15-бап. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ

101. Ағымдағы қызметке басшылықты Басқарма жүзеге асырады. Басқарманы Басқарма Төрағасы басқарады.

102. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және Жарғымен Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған, Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы, оның ішінде:

1) нәтижесінде құны Қоғам активтерінің құнының жалпы мөлшерінің бірден онға дейін процентін құрайтын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығын Қоғамның жасасуы туралы шешімді қабылдау;

2) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды;

3) Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің құзыретіне жататын мәселелерді алдын ала қарау және мақұлдау;

4) олардың құзыреттеріне сәйкес Директорлар кеңесінің, Жалғыз акционердің қарауына Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруы (құруға қатысу) туралы, сондай-ақ Жалғыз акционердің не Директорлар Кеңесінің шешімдері негізінде сатып алынған үлестер мен акцияларды иеліктен шығару туралы ұсыныстарды шығарады;

5) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он процентіне дейін сатып алуы немесе иеліктен шығаруы туралы шешім қабылдайды;

6) Жарғымен Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) Қоғамға тиесілі болатын, заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын қызметінің мәселелері бойынша шешім қабылдайды;

7) жылдық қаржы есептілігін дайындайды және Заңнамада және Жарғыда белгіленген мерзімде оны Директорлар кеңесінің қарауына және Жалғыз акционердің бекітуіне ұсынады;



- 8) Қоғамның жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге консорциалдық келісімдерді (бірлескен қызмет туралы шарттарды) жасасуы туралы шешім қабылдайды;
- 9) филиалдар мен өкілдіктер туралы ережелерді, оларға өзгерістерді енгізеді, филиалдар мен өкілдіктердің, сондай-ақ еншілес және тәуелді ұйымдардың жұмысын үйлестіреді;
- 10) дауыс беретін акциялардың (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында Қоғамға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдарға қатысты үлгі құжаттарын, әдістемелік ұсынымдарды және корпоративтік стандарттарын бекітеді;
- 11) Қоғамның барлық қызметшілері орындауға міндетті шешімдерді шығарады және нұсқауларды береді;
- 12) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған құжаттарды қоспағанда, Басқарма бекітетін тізілім бойынша Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;
- 13) Қоғам акционерлердің (қатысушылардың) құқықтарын жүзеге асыру кезінде құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды;
- 14) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешім қабылдайды;
- 15) Қоғамның (немесе оның кез келген еншілес немесе бірлесіп бақылайтын ұйымының) жер қойнауын пайдалану құқығын алуы, сатып алуы және Қазақстан Республикасында, сондай-ақ оның аумағынан тыс жер қойнауын пайдалануға шарттарды жасасуы мәселелері бойынша, мұндай келісімшарттарға өзгерістерді енгізу бойынша шешімдерді қабылдайды;
- 16) Қоғамның даму жоспарын және оның орындалуы туралы есепті әзірлейді және алдын ала мақұлдайды;
- 17) Қоғамның даму стратегиясын, даму жоспарын жүзеге асыруды іске асырады, олардың орындалуы үшін жауап береді, сондай-ақ жыл сайын Директорлар кеңесіне Қоғамның даму стратегиясын және даму жоспарын жүзеге асыру туралы есептерді ұсынады;
- 18) Қоғамның бюджетін және оған түзетулерді бекітеді;
- 19) Қоғамда бухгалтерлік есебін ұйымдастырады;
- 20) акциялар пакетіне дивиденд мөлшерінің болжамдық көрсеткіштерін мақұлдайды және Директорлар кеңесімен келісілгеннен кейін Жалғыз акционерге ұсынады;
- 21) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін мақұлдайды;
- 22) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді қызмет етуін қамтамасыз етеді, Директорлар кеңесіне Қоғамның негізгі тәуекелдерінің ахуалы туралы уақытында хабарлайды;
- 23) Директорлар кеңесіне Қоғамның таза кірісін тарату және оны нысаналы пайдалану мәселелері бойынша ұсыныстарды береді;

24) Директорлар кеңесінің, Жалғыз акционердің шешімдерін, Қоғамның жылдық қаржы есептілігінің аудитін жүзеге асырған аудиторлық ұйымның ұсыныстарын, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің ұсыныстарын орындау мониторингін жүзеге асырады;

25) Қоғам меншігіне қатысты заңсыз әрекеттерді тудыратын себептер мен шарттарды айқындау бойынша жұмысты ұйымдастырады;

26) Жалғыз акционерге, Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғам қызметі туралы ақпаратты, оның ішінде құпиялылық сипаты бар ақпаратты, егер өзге мерзім Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесі мүшесінің сұрау салуында белгіленбеген болса, тиісінше Жалғыз акционердің және (немесе) Директорлар кеңесі мүшесінің жазбаша сұрау салуы түскен сәтінен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады;

27) Қоғамның медиа-жоспарын бекітеді;

28) статистикалық есептілікті қалыптастырады;

29) қажет болған жағдайда басқарма жанында комитеттерді құрайды және жояды және олар туралы ережелерді бекітеді;

30) Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген, Қоғам қызметшілерінің жалпы саны аясында Қоғамның ұйымдастырушылық құрылымын және штат кестесін бекітеді;

31) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің бірден онға дейінгі проценті болатын шамаға көбейту туралы шешім қабылдайды;

32) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын, Қоғамның қызметін қамтамасыз етудің өзге мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды.

103. Басқарма Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен және сұрау салу түскен күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, Директорлар кеңесінің мүшелері өздеріне жүктелген функцияларды орындау кезінде оларға Қоғам қызметі туралы ақпаратты, оның ішінде құпиялылық сипаты бар ақпаратты уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

104. Басқарма мүшесінің басқа тұлғаға, оның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне дауыс беру құқығын беруге жол берілмейді.

Басқарма Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Егер Қоғам тараптардың мәмілені жасасу кезінде шектеулер туралы білгенін дәлелдесе, Қоғамның орнатылған шектеулерін бұза отырып, Басқарманың жасаған мәмілесінің жарамдылығына дау айтуға құқылы.

105. Басқарманың жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі, сондай-ақ Басқарманың өзге өкілеттіктері Директорлар кеңесі бекітетін Басқарма туралы ережемен айқындалады.

106. Басқарма мүшелері Жалғыз акционердің өкілдері және Жалғыз акционердің өкілдері болып табылмайтын Қоғам қызметшілері болуы мүмкін. Басқарма мүшесінің тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, іскерлік беделі болуы тиіс.

Басқарма төрағасын қоспағанда, Басқарма мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Директорлар кеңесі Басқарманың жаңа мүшесін сайлаған (тағайындаған) жағдайда, соңғының өкілеттіктері жалпы Басқарманың өкілеттіктері мерзімі біткен кезде аяқталады.

Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда тек Директорлар кеңесінің келісуімен ғана жұмыс істей алады. Басқарма төрағасы атқарушы органның басшысы немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке дара іске асыратын тұлғасының лауазымын атқара алмайды.

Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, Жарғымен, сондай-ақ көрсетілген тұлға Қоғаммен жасайтын еңбек шартымен айқындалады. Қоғам атынан Басқарма төрағасымен еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Жалғыз акционер немесе Директорлар кеңесі бұған өкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен еңбек шартына Басқарма Төрағасы қол қояды.

107. Басқарма Төрағасын және Басқарманың басқа мүшелерін сайлау мәселелері жөніндегі материалдар, Жарғының 59-тармағымен көзделген ақпараттан басқа, мынадай ақпаратты қамтуға тиіс:

1) оның декларацияны алуы туралы есептік кезең үшін салық органынан анықтаманы, сондай-ақ табыстар және көрсетілген мүліктің бағалау құны және орналасқан жері көрсетіле отырып, салық салу объектісі болып табылатын, оның ішінде Қазақстан Республикасы шегінде аумағынан тыс жерде орналасқан мүлік туралы декларацияны;

2) кандидатты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауапкершілікке тарту туралы ақпаратты;

3) кандидатты қылмыстық жауапкершілікке, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін тарту туралы ақпаратты.

108. Іссапарға шығу:

1) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге Басқарма төрағасының және Басқарма мүшелерінің іссапарға баруы Қоғамның Жалғыз акционерімен келісуі бойынша іске асырылады;

2) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша Басқарма Төрағасының іссапарға баруы Жалғыз акционерге хабарлаумен Директорлар кеңесінің төрағасымен келісуі бойынша іске асырылады.

109. Басқарма кемінде 3 (үш) адамнан тұрады.

110. Басқарманың отырысы, егер оған Басқарма мүшелерінің кемінде жартысы, оның ішінде отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша жазбаша түрде дауыс берген Басқарманың болмаған мүшелері қатысқан жағдайда, жарамды деп саналады.

Басқарма мүшесі Басқарма отырысына өзінің қатыса алмайтыны туралы Басқарма Төрағасына алдын ала хабарлауға міндетті. Басқарманың отырысқа қатыспаған мүшесі жазбаша хабарлама арқылы Басқарма отырысының күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беруге құқылы.

Көрсетілген жазбаша хабарламаның мазмұны, оны ұсыну және оны қабылдауылы білдірілген дауысты ескеру тәртібі Басқарма туралы ережемен бекітілген тәртіппен іске асырылады.

Басқарманың сырттай отырыстарын өткізуге тек ерекше жағдайларда ғана және тек Басқарма төрағасының немесе оны ауыстыратын тұлғаның шешімі бойынша пікірталастық сипаты жоқ мәселелер бойынша ғана рұқсат етіледі.

Басқарманың ең болмаса бір мүшесі мәселені сырттай отырыста қарауға қарсы болған жағдайда, мәселе кезекті күндізгі отырыстың күн тәртібіне енгізіледі.

111. Басқарманың шешімдері отырысқа қатысқан немесе жазбаша хабарламаны ұсынған Басқарма мүшелерінің дауыс көпшілігімен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Басқарма төрағасы (отырыста төрағалық еткен тұлға) дауыс берген шешім қабылданады.

112. Тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша шешімдерді жедел қабылдау мақсатында Қоғамда Басқарма жанында Тәуекелдер жөніндегі комитет құрылуы мүмкін. Тәуекелдер жөніндегі комитетті қалыптастыру және оның жұмыс істеу тәртібін, сондай-ақ оның сандық құрамын Басқарма бекітетін Қоғамның ішкі құжаты белгілейді.

Басқарма жанынан өзге де комитеттерді (комиссияларды) құруға құқылы.

113. Басқарма Төрағасы:

- 1) Басқарманы басқарады;
- 2) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
- 3) шарттарға, кепілдіктерге қол қояды қоса алғанда, Қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 4) Қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында оны ұсыну құқығына сенімхаттарды береді;
- 5) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің бір процентіне дейін құрайтын шамаға көбейту туралы шешім қабылдайды;
- 6) нәтижесінде құны Қоғам активтерінің құнының жалпы мөлшерінің бір процентін құрайтын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығын және мүліктік емес сипаттағы мәмілелерді жасайды;
- 7) Заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғам қызметшілерін жұмысқа қабылдауды, орнын ауыстыруды және жұмыстан босатуды іске асырады, оларға қарай көтермелеу шараларын қолданады және тәртіп жазаларын қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметшілерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін белгілейді, Басқарма мүшелерін, корпоративтік хатшыны, Ішкі аудит қызметінің қызметшілерін қоспағанда, Қоғам қызметшілерінің сыйақы мөлшерлерін айқындайды;

8) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерінің орындауын бұйрық негізінде Басқарманың бір мүшесіне жүктейді;

9) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер және жауапкершілік салаларын таратады;

10) Қоғамның жұмыс тәртібін белгілейді;

11) Қоғам филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және оларды лауазымдарынан босатады;

12) соттық талқылауды, дауларды немесе төрелік талқылауды бастауды немесе реттеуді мақұлдайды;

13) Директорлар кеңесі және Жалғыз акционер алдында Қоғам жұмысы үшін жауапты болады;

14) Қоғамның банк және басқа шоттарын ашады;

15) өз құзыреті шегінде бұйрықтарды шығарады, нұсқау береді;

16) Басқарманың отырысын шақырады және Басқарма мүшелеріне отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша қажетті материалдарды ұсынуды ұйымдастырады;

17) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жұмысты ұйымдастырады және көрсетілген жұмыс үшін жеке өзі жауап береді;

18) Қоғамның міндеттерін орындау үшін қажетті Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты және Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне, сондай-ақ Басқарманың құзыретіне жатпайтын барлық қалған мәселелер бойынша шешімдерді қабылдайды.

114. Басқарма төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын белгіленген тәртіппен Басқарма төрағасының міндеттерін орындау жүктелген Басқарма мүшесі жүзеге асырады.

115. Басқарма тұрақты негізде сайлайтын Басқарма хатшысы Басқарма мүшесінің талабы бойынша оған танысу үшін Басқарма отырысының өзі қол қойған және Басқарманың мөрі басылған хаттамасын (хаттамадан үзіндіні) ұсынуға міндетті.

116. Басқарманың төрағасы мен өзге мүшелері өз әрекетімен және (немесе) әрекетсіздігімен келтірілген залал үшін және Қоғамға келтірілген залал үшін:

1) қателесуге әкеп соқтыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

2) Заңда, осы Жарғыда және Қоғамның өзге ішкі құжаттарында белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;

3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың немесе олардың аффилиирленген тұлғаларының Қоғаммен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында, Қоғамға зиян келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуды ұсыну және (немесе) жасасу туралы шешім қабылдау;

4) Заңда, осы Жарғыда және Қоғамның өзге ішкі құжаттарында, сондай-ақ олармен жасалған еңбек шарттарында көзделген өз

міндеттемелерін тиісті орындамау нәтижесінде келтірілген залалдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей Қоғам мен Жалғыз акционерлер алдында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

117. Басқарма Төрағасы:

- 1) Қоғамның активтерін тиімсіз басқару;
- 2) Қоғамның залалды іс-қимылы;
- 3) Жалғыз акционерге және Директорлар кеңесіне Қоғам қызметі туралы уақтылы емес, толық емес және (немесе) анық емес, оның ішінде Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдеріне айтарлықтай ықпал ететін ақпаратты ұсынуды қоса алғанда, Қоғамдағы істердің жағдайына Қоғам мен Жалғыз акционер алдында жеке өзі жауап береді.

### 16-бап. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

118. Қоғамның қаржы-экономикалық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау саласында бағалауды, тәуекелдерді басқаруды, корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды атқаруды және Қоғамның қызметін жетілдіру мақсатында консультацияларды жүзеге асыру үшін Ішкі аудит қызметі құрылады.

Ішкі аудит қызметінің қызметшілері Директорлар кеңесінің және Басқарманың құрамына сайлана алмайды.

119. Ішкі аудит қызметі белгіленген тәртіппен;

1) Директорлар кеңесіне Қоғам қызметі туралы тәуелсіз объективтік ақпаратты ұсынады;

2) бағалауды жүргізеді және жүйелендірілген және бірізді әдісті пайдалана отырып, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін жетілдіруге көмектеседі, Директорлар кеңесіне Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы хабарлайды;

3) Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес оның құзыретіне кіретін өзге функцияларды жүзеге асырады.

120. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді. Ішкі аудит қызметіне жетекшілік етуді Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитеті (егер болған жағдайда) жүзеге асырады. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауапкершілігі, оның қызмет тәртібі Ішкі аудит қызметі туралы Ережеде және Директорлар кеңесі бекітетін, ішкі аудит саласындағы Қоғамның басқа ішкі құжаттарымен айқындалады.

121. Қоғам және Ішкі аудит қызметінің қызметшілері арасындағы еңбек қатынастары Заңнамада және Жарғыда реттеледі.

### 17-бап. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫ

122. Қоғамның лауазымды тұлғалары (Директорлар кеңесінің мүшелері және Басқарма мүшелері):

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен Жалғыз акционер мүдделерін барынша білдіретін тәсілдерді пайдаланады. Қоғам мен оның лауазымды тұлғасы мүдделерінің қактыгысы туындаған жағдайда, соңғысы бұл жөнінде Басқармаға (Директорлар кеңесіне) дереу хабарлауға міндетті;

2) Жарғыға, Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ өзінің жеке мақсатында Қоғамның мүлкін пайдаланбауға және пайдалануға жол бермеуге, өзінің аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелерді жасасу кезінде өзінің қызмет бабын теріс пайдаланбауға тиіс;

3) тәуелсіз аудитті жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржы есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Заңнама талаптарына сәйкес Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашуды және ұсынуды бақылайды;

5) Қоғам қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті, оның ішінде Қоғамда жұмысты тоқтату сәтінен бастап үш жыл бойы, егер Қоғамның ішкі құжаттарымен өзгеше белгіленбеген болса.

Басқарма мүшелері Басқарма отырысын шақыруды бастамашылық ету, Басқарманы хабардар ету арқылы немесе өзге қолжетімді әдіспен залалды болдырмау, Қоғамның қызметін оңтайландыру үшін қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

Басқарма мүшелері Басқарма төрағасына өздері жетекшілік ететін мәселелер шеңбері бойынша істердің жағдайы туралы хабарлайды.

123. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қоғам және Жалғыз акционер алдында жауапты болады.

124. Мемлекеттік қызметшілер болып табылатын және өз өкілеттіктерін лауазымдық міндеттерге сәйкес жүзеге асыратын Қоғамның лауазымды тұлғаларына сыйақы және өтемақы төленбейді.

### **18-бап. ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ ЖӘНЕ УДИТ**

125. Қоғамның қаржы жылы күнтізбелік жыл болып табылады (1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін).

Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржы есептілігін құрастыру тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасында белгіленеді.

126. Басқарма жыл сайын Жалғыз акционерге талқылау мен бекіту үшін аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген, өткен жылдың жылдық қаржы есептілігін ұсынады. Қаржы есептілігінен басқа, Басқарма Жалғыз акционерге аудитордың ұсыныстарын (басшылыққа хат) қоса алғанда, аудиторлық есепті ұсынады.

127. Жылдық қаржы есептілігі оны Жалғыз акционердің қарауына шығару күніне дейін кемінде отыз күні бұрын Директорлар кеңесінің алдын ала бекітуіне жатады.

Қоғамның жылдық қаржы есептілігін түпкілікті бекітуді Жалғыз акционер жүргізеді.

128. Қоғамның жылдық қаржы есептілігі Заңнамада белгіленген тәртіппен жарияланады.

Қоғам жыл сайын уәкілетті орган белгілеген мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарында жылдық бухгалтерлік балансты, капиталдағы барлық өзгерістерді көрсететін есепті, ақша қаражатының қозғалуы туралы есепті және кірістер мен шығыстар туралы есепті жариялайды. Қоғам басқа да қаржы есептілігін қосымша жариялауға құқылы.

129. Қоғам жылдық қаржы есептілігінің аудитін жүргізуге міндетті.

130. Қоғам аудиті Қоғам есебінен Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша немесе Жалғыз акционердің талабы бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте, Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды өзі анықтауға құқылы. Жалғыз акционердің талабы бойынша аудитті жүргізу жағдайында, Қоғам аудиторлық ұйым сұрайтын барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) ұсынуға міндетті.

Егер Басқарма Қоғам аудитін жүргізуден жалтарса, онда аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап қоюы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

### **19-бап. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ АШУЫ. ҚОҒАМ ҚҰЖАТТАРЫ**

131. Қоғам өз қызметі туралы ақпаратты корпоративтік веб-сайтта және (немесе) «Казахстанская правда» және (немесе) «Егемен Қазақстан» газеттерінде жариялайды.

Қоғам жылдық есепті Қоғамның корпоративтік веб-сайтында оны бекіту күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде орналастырады.

Қоғам Жалғыз акционердің хабарына дейін оның сұрау салуы бойынша Қоғам қызметі туралы ақпаратты, оның ішінде Жалғыз акционердің мүдделеріне қатысты ақпаратты жеткізеді.

Жалғыз акционердің мүдделеріне қатысты ақпарат ретінде Заңның 79-бабында белгілеген мәліметтер танылады.

Сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат Жалғыз акционерге корпоративтік дау жөніндегі азаматтық іс бойынша тиісті хабарламаны (шақыруды) Қоғам алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде берілуге тиіс.

132. Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ұсыну Заңға және Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

Ақпаратты (құжаттар көшірмелерін) алу мақсатында Жалғыз акционер Басқармаға жазбаша түрде өтініш жолдайды. Жалғыз акционердің өтініші белгіленген тәртіппен кіріс құжаттарын есепке алу журналында тіркелуі тиіс. Қоғам, егер жазбаша өтініште басқа мерзім белгіленбесе, акционердің өтінішті беру күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күні ішінде талап етілетін ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмелерін) ұсынуға міндетті.



Қоғамның бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналымының және айырбастаудың жекелеген мәселелерін реттейтін, қызметтік, коммерциялық не заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпаратты қамтитын құжаттар Жалғыз акционерге оның талабы бойынша танысу үшін ұсынылуы тиіс.

133. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпараты бар, қоғам қызметшілерінің тізбесін міндетті жүргізуді қамтамасыз етеді.

134. Қоғамның өз қызметіне қатысты құжаттары Қоғам өзі қызмет еткен бүкіл мерзім ішінде Басқарманың орналасқан жерде немесе Басқарманың шешімі бойынша өзге де жерде сақтауға тиіс.

Заңның 80-бабында көрсетілген құжаттар сақталуы тиіс.

135. Жарғының 134-бабында көрсетілмеген өзге құжаттар, оның ішінде Қоғамның қаржы есептілігі Заңнамаға сәйкес белгіленген мерзім бойы сақталады.

136. Жалғыз акционердің талабы бойынша Қоғам оған Заңда және Жарғыда көзделген құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті. Жалғыз акционерге белгілі болған «Құпиялы», «Қызметтік пайдалану үшін» белгісі бар Қоғам қызметі туралы ақпарат олардың құзырет мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын қоспағанда, үшінші тұлғаларға жазбаша не өзге нысанда берілмеуге тиіс. Өзге тұлғаларға құпиялы ақпаратты тек Басқарма төрағасымен келісу бойынша ғана ашуға болады.

## **20-бап. АФФИЛИИРЛЕНГЕН**

### **ТҮЛҒАЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУ**

137. Заңнамада, Жарғыда, Кодексте көзделген жағдайларда, сондай-ақ Қоғамның талабы бойынша Жалғыз акционер және Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамға толық атауын, мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірін және орналасқан жерін (заңды тұлғалар үшін), тегін, атын және әкесінің атын, туған күнін және тұрғылықты жерін (жеке тұлғалар үшін), аффилиирленгендіктің негіздемесі мен пайда болу күнін, сондай-ақ мұндай тұлғаларға қатысты Қоғамға қажетті өзге деректерді қоса алғанда, өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

138. Жалғыз акционер және Қоғамның лауазымды тұлғалары Заңнамаға сәйкес Қоғамның корпоративтік хатшысына аффилиирленгендіктің пайда болу күнінен бастап 7 (жеті) күн ішінде өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты ұсынады.

Бұрын акционер не Қоғамның лауазымды тұлғасы мұндай акционердің не лауазымды тұлғаның аффилиирленген тұлғасы сияқты көрсетілген тұлға мұндай болудан қалған кезде, акционерлер не Қоғамның лауазымды тұлғасы бұл жөнінде Қоғамның корпоративтік хатшысына 5 (бес) күндік мерзім ішінде хабарлайды.

Аффилиирленген тұлғалар туралы ақпарат Қоғамның корпоративтік хатшысына Заңнамаға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу

мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекіткен тиісті нысан бойынша ұсынылады.

Қоғамның аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты жинау, қалыптастыру және жаңарту үшін, сондай-ақ аффилирленген тұлғалардың тізбесін уәкілетті мемлекеттік органға және Қоғамның құрылымдық бөлімшелеріне уақтылы ұсыну үшін Қоғамның корпоративтік хатшысы жауапты болады.

139. Жалғыз акционер және (немесе) Қоғамның лауазымды тұлғасы оған қатысты өзінің аффилирленген тұлғасы сияқты мәліметтерді ұсынған тұлға Қоғам мұндай тұлға аффилирленген деп танылуы мүмкін негіздемелердің тоқтатылуын растайтын құжаттарды ұсынбағанша мұндай тұлға деп саналады.

140. Егер Жалғыз акционердің және/немесе Қоғамның лауазымды тұлғасының өзінің аффилирленген тұлғалары туралы деректерді ұсынбағаны Қоғамға залал келтіруге әкеп соққан болса, Қоғам деректерді ұсынбаған тұлғадан мұндай залалды толық көлемде өтеуде талап етуге құқылы.

141. Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізеді.

142. Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының тізбесін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға оның бекіткен тәртібімен ұсынады.

### **21-бап. ҚОҒАМ МЕНШІГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ**

143. Қоғам меншігін және оған тиесілі құқықтарды құқықтық қорғау Заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

### **22-бап. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ, ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫН ӨЗГЕРТУ**

144. Қоғамды тарату, қайта ұйымдастыру туралы және атауын өзгерту туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

Қоғамды қайта ұйымдастыру, тарату және атауын өзгерту тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен реттеледі.

### **23-бап. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

145. Егер Жарғының бір ережесі жарамсыз болған жағдайда, онда бұл қалған ережелердің жарамдылығына қатысты болмайды. Жарамсыз ереже мағынасы бойынша жақын және құқықтық тұрғыдан рұқсат етілген ережеге ауыстырылады.

146. Жарғы әділет органдарында мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап күшіне енеді.

Басқарманың төрағасы



*[Handwritten signature]*

Ғ. Нұржанов

УТВЕРЖДЕН  
решением Единственного  
акционера АО «Казгеология»  
от «13» 03 2015 года  
(приказ № 279)

**УСТАВ**  
акционерного общества  
«Национальная геологоразведочная компания «Казгеология»

г. Астана,  
2015 год

## **Статья 1. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «НАЦИОНАЛЬНАЯ ГЕОЛОГОРАЗВЕДОЧНАЯ КОМПАНИЯ «КАЗГЕОЛОГИЯ»**

1. Акционерное общество «Национальная геологоразведочная компания «Казгеология» (далее – Общество) создано в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 21 июня 2011 года №684 «О создании акционерного общества «Национальная геологоразведочная компания «Казгеология».

2. Общество является юридическим лицом по законодательству Республики Казахстан и осуществляет свою деятельность в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» (далее – Закон) и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан (именуемые далее – Законодательство), а также настоящим Уставом (далее – Устав) и внутренними документами Общества.

3. Общество обладает статусом юридического лица с момента государственной регистрации в органах юстиции.

4. Финансирование деятельности Общества осуществляется за счет средств уставного капитала и доходов, формируемых за счет дивидендов и иных доходов, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

Финансовая и производственная деятельность Общества осуществляется на основе хозяйственной самостоятельности.

5. Общество имеет самостоятельный баланс, банковские счета, в том числе, валютные, печать с указанием полного фирменного наименования на государственном и русском языках.

6. Общество имеет печати, фирменные бланки и другие реквизиты, может иметь товарный знак, логотип и иную символику, образцы которых утверждаются Правлением Общества (далее - Правление). Все реквизиты Общества оформляются на государственном, русском языках, при необходимости, также на английском языке.

## **Статья 2. НАИМЕНОВАНИЕ, МЕСТО НАХОЖДЕНИЯ И СРОК ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА**

7. Наименование Общества:

полное наименование на государственном языке – «Қазгеология» ұлттық геологиялық барлау компаниясы» акционерлік қоғамы, сокращенное – «Қазгеология» АҚ;

полное наименование на русском языке – акционерное общество «Национальная геологоразведочная компания «Казгеология», сокращенное - АО «Казгеология»;

полное наименование на английском языке – joint stock company «Kazgeology» National Exploration Company», сокращенное – JSC «Kazgeology».

8. Место нахождения Общества (его Правления): Республика Казахстан, 010000, г. Астана, Есильский район, ул. Достык 18.

9. Корпоративный веб-сайт Общества – [www.kazgeology.kz](http://www.kazgeology.kz).

10. Срок деятельности Общества – не ограничен.

### **Статья 3. УЧРЕДИТЕЛЬ ОБЩЕСТВА**

11. Учредителем Общества является Правительство Республики Казахстан в лице Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан.

### **Статья 4. УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ОБЩЕСТВА**

12. Устав является учредительным документом Общества.

13. Все заинтересованные лица вправе ознакомиться с Уставом.

### **Статья 5. ЦЕЛИ, ПРИНЦИПЫ, НАПРАВЛЕНИЯ И ОСНОВНЫЕ ВИДЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА**

14. Целями деятельности Общества являются:

- 1) получение чистого дохода;
- 2) обеспечение роста капитализации Общества;
- 3) привлечение инвестиций в геологическую отрасль;
- 4) реализация коммерческих интересов государства в осуществлении единой государственной политики в сфере геологоразведочных работ;
- 5) реализация стратегических интересов государства при развитии минерально-сырьевого комплекса;
